

"Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1365 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

1-бап. "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 4, 102-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 1 2 - б а п т а :

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының жаңа банкноттары мен монеталарын шығару және (немесе) оларды ауыстыру туралы шешім қабылданған күннен бастап, егер бұл банкноттарды және монеталарды (мерекелік және атаулы күндерге арналғандардан басқа) айналыстан алуға әкеліп соқтыратын болса, оларды айналысқа шығару туралы жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралдарына осы мәліметтерді берген сәтке дейінгі мәліметтер;"

18) тармақшадағы "Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттарын," деген сөздер алынып тасталсын;

2) 2 9 - б а п т а :

1-тармақтың үшінші бөлігіндегі "Әкімшілік пен" деген сөздер "Мемлекеттік органның және (немесе) ұйым мен" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын лауазымды

тұлғаларға мемлекеттік құпияларға рұқсат берудің ерекше тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды."

2-бап. Осы Заң ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК